

**"Нұр-Сұлтан қаласының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерін белгілеу туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 1-2553 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 18 қазандағы № 514-2236 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қазанда № 1361-01 болып тіркелді  
Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Нұр-Сұлтан қаласының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерін белгілеу туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 1-2553 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерін белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Астана қаласының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер осы қаулыға қосымшада сәйкес белгіленсін.";

қосымшаның атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер";

көрсетілген қаулыға қосымшада:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"	3 3.	Есіл өзені	"Оазис" орталық жағажайы	"Нұра" ауданы, орталық елордалық саябақ	"
---	---------	------------	--------------------------	-----------------------------------------	---

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"	5.	Есіл өзені	"Армина" орталық жағажайы	"Алматы" ауданы, Күйгенжар" тұрғын алабы	"
---	----	------------	---------------------------	------------------------------------------	---

2. "Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласының әкімі*

*Ж. Қасымбек*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК